

ӘОЖ 81'243:003.212

**ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФТЕРІ ЖӘНЕ ЖАПОН ИЕРОГЛИФТЕРІ, ОЛАРДЫ
САЛЫСТЫРУ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ**

Ахметжанова Арилана Қуанышқызы

Arilana.akhh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының

1 курс студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мәсімханұлы Дүкен

Әлемнің тілдік бейнесін танудағы негізгі ұғымды – тілдің жазу таңбасы бейнелейді. Таңба – адамдардың дүниетанымы, оны меңгеру мен бейнелеудің басты ұғым. Адамның дүниетанымы, құбылыстар мен заттар, барлығы да таңбасыз болмайды. Кез келген заттың, құбылыстың белгілі бір жазу таңбасы болады. Сондықтан да, қай халықтың тілін алсақ та ,

оның өзінің тарихи қалыптасқан тілді бейнелеу таңбалары бар. Соның ішінде, бүгінгі мақаламызда қарастырып отырған ежелгі қытай тіл біліміндегі иероглифтерге тоқталмастан бұрын, жалпы, «иероглиф дегеніміз не?» деген сауалға жауап бере өтейік. Иероглиф (гр. hieros — қасиетті, гр. glyphe — қиылып алынған) — идеографиялық жазудың таңбасы [1] «иероглиф» деген терминді бірінші рет Климент Александрийский 200 жылы Мысыр жазуына қатысты қолданған. Ең көне Мысыр иероглифі б.з.б. 4-мыңжылдықта пайда болған. Иероглиф тек көне Мысыр жазуы деген мәнде ғана емес, басқа жазулар жүйесіне (қытай, крит, т.б.) қатысты да қолданылады. Иероглиф деп лотографиялық (бір сөз) мәндегі, аз да болса сурет сипатын сақтаған жазу таңбалары аталады. Ол пиктографияға (сурет жазуына) да, дыбыстық жазуға да жатпайды, бірақ ол нағыз сурет бейнесін сақтамағанымен, алғашқы суретке ұқсастығы аңғарылады. Иероглиф жазуының әр таңбасы жеке тұрады, таңбалар бір-бірімен қосылмайды. Иероглиф жазуы жоғарыдан төмен, кейін оңнан солға, кейде керісінше ойылып жазылған. Жазудың бағытын таңбадағы адамның, жануардың беті мен аяғы көрсететін болған. Адамның, жануардың беті қарап тұрған жақтан бастап оқу керек екені байқалған.

Қытай жазуына келсек, қытай жазуы – әлемдегі тарихы аса ұзақ жазулардың бірі. Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамыған түрі ретінде есептеледі. Иероглиф тілдің тек идеографиялық жазу таңбасы ғана емес, ол адамзат дамуының ең маңызды символы болып табылады. Тілдің дамуы адамзат эволюциясы тарихындағы зор жетістікті көрсетеді. Ол пиктографияға (сурет жазуына) да, дыбыстық жазуға да жатпайды, бірақ ол нағыз сурет бейнесін сақтамағанымен, алғашқы суретке ұқсастығы аңғарылады. Шығыстағы көне цивилизациялардың бірі – Қытай өркениеті бес мыңжылдық тарихи дамуы барысында жоғары дәрежедегі өзінің жазу мәдениетін қалыптастырды. Иероглифтік жазу қытай дәстүрлі мәдениетінің ажыратылмайтын негізі болып, қытай цивилизациясының бірден – бір нышанына айналды [6]. Оқулықтардан «Қытай тіл білімі әлемдік тіл ғылымына мәнді үлес қосқан жоқ, ұлттық шеңберден шыға алмады»[5] – деген пікірлерді оқыдық. Осының себебі не? деген сауалға жауап іздеп көрейік. Менің ойымша, ежелгі қытай тіл біліміндегі жазу мәселелері өте ауқымды әрі күрделі. Осыған орай, қытай тілін жалпыға ортақ стандартқа сәйкес оқыту және оны таратуға кедергі – иероглифтер санының көптігі деп атап өтуге болады. Яғни, иероглифтер санының көптігі Қытайды батыс еуропалық мәдениетке идеологиялық араласуына мүмкіндік бермеді.

1919 жылдағы «4 мамыр қозғалысы» Қытайдағы ағартушылық қозғалыстың бастамасына айналды. Осы революция нәтижесінде жаңа жазу тілі – «байхуа» қалыптасты. Яғни, «4 мамыр қозғалысынан» кейін ұлттық демократиялық төңкерістің көтерілуімен әдеби тіл – байхуа пайда болып, қазіргі замандағы қытайдағы жалпыға ортақ тіл қалыптасты. Қытайда жалпыға ортақ тіл енгізуге байланысты түрлі реформалар, іс-шаралар қолға алына бастады. 1955 жылғы Конференцияда ресми түрде «guoYu» – ұлттық тілдің ескі атауы өзгертілді. Қытай ұлтының жалпы тілі «putonghua» – «көпшілікке түсінікті тіл» деп аталды. Бұл терминге келесі анықтама берілді: «Путунхуа – пекин тілін бейнелейтін солтүстік диалект негізінде қалыптасқан қытай ұлтының ортақ тілі». Тіл нормасын анықтауда 1955 жылғы Қытайдың жазу реформасына арналған конференция және Қытайдың әдеби тілін нормалау мәселелері бойынша ұйымдастырылған конференцияның маңызы өте зор болды. Ұлттық тіл putonghua – ны нормалау дегеніміз – оның орфоэпиялық, лексикалық және грамматикалық нормаларының құрылуын білдірді. Сонымен, тілді нормалаудың мақсаты – елдің барлық – саяси, экономикалық, мәдени салаларының дамуына мүмкіндік туғызу болып табылады.

Қытай иероглифтері негізгі графикалық элементтерден «бихуадан» тұрады. «Бихуа» екіге бөлінеді: негізгі алты үлгі «цзибэнь бисин» және жиырма бес туынды үлгі «пайшэн бисин». Қазіргі бәсекеге қабілетті қоғамда бірнеше тілді игеріп, болашаққа нық қадам басу – әр жеке тұлғаның айқын мақсаты. Осы орайда зиялы қауым өкілдері көптеген еңбектер жазып, өзге тіл ерекшеліктерін көрсету арқылы біз сынды жас буын қызығушылығын

тудыруда. Бүгінде жүріп жатқан «Әлемдік лингвистика тарихы» атты пән өзге тілді игерудің алғашқы баспалдағы десем артық кетпеспін. Адам қанша тіл игерсе, сонша елдің мәдениетін, әдебиетін, салт-санасын түсінбек. Ендеше, алдағы уақытта «жапон тілін» игереміз деген үмітпен аталмыш тіл жайына біршама тоқтала кетейік деп отырған жайымыз бар.

Жалпы, тіл мәселесі – өзекті тақырыптардың бірі. Сондықтан бұл мақалада ең әуелі жапон тілін меңгеріп, нақты түсіну үшін, жапон елінің ауыз екі тіліндегі және көркем әдебиетіндегі, ертегілеріндегі тілді қолдану аясына шолу жасап, еліктеу сөздерінің зерттелу мәселесіне, диалектілері мәселесіне тоқталамыз.

Жапон тілі – Жапонияның мемлекеттік тілі. Бұл тілді еркін меңгерушілер саны – 140 млн астам болса, 125 млн адамның ана тілі болып табылады (әлемде 9-шы орында). Жапон тілінің шығу тарихына келер болсақ, бұл даулы сұрақтардың бірі болып табылады. Ең көп тараған болжам ол – азия континентінен шыққан, тілдері австроазияттардың ықпалына ұшыраған алтайлықтар Жапон аралдарын жаулап алғаннан кейін тіл ретінде пайда болуын айғақтайды. Жапон ұлтының пайда болуы б.з.б. III ғасырда жапон тайпалары Ямато тайпаларына бағынышты болған дәуірден бастау алады делінсе, қытай деректерінде жапон ұлтының шығу тарихын одан әрідегі уақытқа жатқызады. Жапонияда мемлекеттік құрылымның, мәдениеттің, өнердің, буддизмнің келуімен, Жапонияда жазу пайда болды. Жазудың пайда болуына байланысты, «Коджики» және «Нихон Секи» – жапон әдебиетіндегі тұңғыш үлкен туынды дүниеге келді. Осы мезетте, жапон тіліне қытай тілінің көптеген сөздері енеді. Бұл күнде, жапон тіліндегі сөздік қордың 40%-ы қытай тілінің кірме сөздері. Алайда, қытай жазбасының енуі кейбір жайсыз мәселелердің шығуына түрткі болады. Яғни, бұл жерде, екпіндегі айырмашылықтар, екі тілдегі морфология мен синтаксистегі тондардың қолданылуындағы айырмашылықтар, тағы да сол сияқты көптеген жайттар қиындық туғызды. VII ғасырдан бастап қытай иероглифтері жапон тілінің форматы негізінде яғни жапон тілінің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктердің негізінде құрастырылды. Басында буын әліппесінің қызметін атқаратын, іріктелген қытай иероглифтері – маньёгана қолданылған болатын. Жапон әліппісін құрастыру нәтижесінде, катакана және хирагана атты жапон буын әліппісі (Еуропалық мемлекеттердің әліппісінің негізінде) құрастырылған болатын. Қытай иероглифтерінің негізінде буддалық монах қазіргі катакананың прототипін жасады. Ал VIII ғасырда киоттардың дворян тегінен шыққан – Хейан атты ханым поэма, новелла, күнделік жазу үшін, екінші буын әліпбиі – хирагананы ойлап табады. Бұл екі әліпбидің өзгертілген түрлері қазіргі жапон тілінде де қолданылады.

Жалпы, жапон жазуы иероглифтерге және кана әліпбиіне негізделген. Кана әліпбиінің өзі – «катакана» және «хирагана» түрлеріне бөлінеді. Орыс ғалымдарының зерттеуі бойынша, жапон тіліндегі иероглифтер – интеллектуалды (умственны), кана – эмоционалды (чувственны) болып келеді екен. Кана – сөйлеу тіліне өте қолайлы және арнайы оқытуды қажет етпейді. Егер мәтін тек канаға құрылса, ол кішкентай балаларға немесе шет елділіктерге және иероглифтерді оқымайтын техникалық құралдарға арналған деген ғылыми болжам бар.

Жапон тіліндегі еліктеуіш сөздердің зерттелуі Эдо дәуірінде (1603 – 1868 ж.ж.) өмір сүрген Сузуки ғалымның «Көне әдеби тілдегі фонетика» атты еңбегі мен түрлі сөздіктерінен бастау алады десек қателеспеспіз. Сол кездің өзінде еліктеуіш сөздер жеке топ ретінде қарастырылған. Ал, Мейдзи дәуірінде (1868 – 1912ж.ж.) риторикалық әдістің бір түрі ретінде ұсынылып, содан бері әр түрлі зерттеулер мен ғалымдардың зерттеу объектісі болып келген. Қазақ тілі де, жапон тілі де Алтай тілдері тобына жататынын ескерсек, мұндай ерекшеліктердің молынан болуы қызық жағдай емес пе?! Жоғарыда айтып отырғанымыздай, жапон тілінің шығу тарихы да, жазу жүйесі де, көркем шығарма да оқырмандар мен қоғамдық ортада әр аймақтың өз тілі, яғни қолдану аясына байланысты бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіретін диалектісі арқылы көрініс табады. Жапонияда ежелден диалектілердің мол көлемі кездескен. VI ғасырдағы басты диалектілердің бірі – Хейан Кё (киот) диалектісі болса, XII ғасырдағы негізгі диалект – камакура диалектісі болды. Бұл уақытта мемлекетте әскери билік орнаған болатын. Сол

уақыттан бері осы диалект жапон тілінің негізгі диалектісі болды. Қазіргі таңда, Жапонияның географиялық орнының ерекшеліктеріне (биік қырлардың , оңашаланған аралдардың болуына) байланысты бұл жерде диалектілердің оннан астам түрлері кездеседі. Олар сөздік қор, морфология, одағай, шылау, қыстырма сөздердің қолданылуымен, олардың айтылу ерекшеліктері бойынша ерекшеленді. Қолданылуы жағынан кең өріс алған диалектілердің ішінде кансай-бен (関西弁), тохоку-бен[en] (東北弁) және канто-бен[en] (関東弁), сияқтыларды атауға болады. Шалғай жерлерде тұратын адамдар бір ұлттың өкілі болғанымен, көбінесе бір-бірінің диалектілерін түсінбейді. Әсіресе, Жапонияның оңтүстік аймақтары (Рюкю аралдары) мен Жапонияның солтүстік аймақтары арасында тілдік ерекшеліктердің айырмашылықтары қатты байқалады. Жалпы, территориялық аймақ бойынша батыс және шығыс болып бөлінеді. Токиялық диалектінің негізінде «ортақ тіл» құрастырылған болатын. Зат есімдерде ерекше сыпайылықты білдіретін сөздермен ауысады. Мысалы, жапон тіліндегі «hito-адам» бейтарап формадағы сөз гоноратив формасында «kata » деп өзгереді.

Қорыта айтқанда, жапон тілі Алтай тілдері тобына жататындықтан ондағы сөйлем реті қазақ тілімен бірдей, яғни бастауышпен басталып, баяндауышпен аяқталатындықтан мәтіндегі сөз тіркестерін бірінен кейін бірін жалғастыра аудару арқылы аударма дайындауға өте қолайлы болатындығы басты ерекшеліктердің бірі деп көру керек. Ал, мұндай қолайлы ерекшелікті мысалға ағылшын, орыс, словян, чех секілді Үнді-еуропа тобына жататын тілдерден аударма жасау кезінде мүлде кездестіре алмаймыз. Яғни, аймақтық ерекшеліктің өзі тіларалық ұқсастықтарға тікелей әсер етеді. Сыры мен ой салатын әдемі өрнекке толы бұл тілдің ерекшеліктерінің әлі де көп екеніне шүбә келтірмейміз. Постмодернистік бағытқа алғаш келген бұл тілдің ерекшелігі өткенді қазбаламасақ та біраз тың мәселері алдағы уақытта да зерттеуші ғалымдардың еңбегін қажет ететін сияқты.

Негізі қытай мен жапон тілдері бір-бірінен мүлдем бөлек. Жапон тілі – алтай тілдерінің тобына жатады. Бірақ, 5-7 ғасырларда будда діні Жапонияға өткен кезде сонымен бірге Қытайдың иероглифтері де өткен. Үндістаннан шыққан будда діні материктік Қытайға, одан теңіз арқылы Жапонияға келген. Арасында Корея түбегі бар. Сөйтіп қытай жазуы дінмен бірге қосылып келді. Бірақ, сол кездегі жапон қоғамы Қытайдың дінін алғанмен өз тілі мен ділін сақтап қалу мақсатында Қытайдан дін үйретушілердің келуіне шектеу қояды. Бірақ, қытай иероглифтері жапон тілінің жазу негізін құрап үлгерген еді. Жапон тілінің бір қиындығы бұрыннан келе жатқан қытай иероглифтері де бар, өздерінің тілдеріне сәйкестендіріліп оқитын иероглифтері де бар, одан бөлек екі түрлі әліпбилері тағы бар. «Кәрістер сияқты иероглифтерді алып тастап, өздерінің алфавиттерімен-ақ жаза берсе болмай ма» деп көп айтылады, ондай ойлар жапондардың өздерінде де болған. Бірақ, ұқсас сөздер, синонимдер өте көп кездесетін жапон тілінде иероглифтер өте ыңғайлы.

Иероглиф дегеніміз өз алдында бір картина, сурет. Ненің не екенін сол суретке қарап танысың. Яғни, қытай мен жапон тілдерінің жазуы ұқсас болғанымен айтылуы орыс пен қазақ тілдері сияқты мүлдем бөлек. Қазақ тілін де орыс алфавитімен жазып жүрміз ғой. Кәрістер де қытайдың иероглифтерін алған, бірақ, оқылуы да, айтылуы да бір-бірінен мүлдем бөлек тілдер

Жалпы, қай шет тілі болмасын, өз тілің болмаған соң оны оқу оңай емес. Бірақ, тіл оқудың қызығына кіріп кетсең сол қызығынан шыға алмай, өзің үшін бір өмірлік іс тауып аласың. Қиын десең – қиын, қызық десең – қызық іс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Википедия «Жапон тіл білімі».
2. Ошанова О. Ж. Сөйлеу мәдениетінің негіздері: оқу құралы. – Өңд., толықт. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 186 б.
3. www.enp.kz Самуратова А.К, XIX-XX ғасырлар арасындағы Қытайдағы тіл-жазу реформасы.

4. А.М.Рустемова , аудармашы, «Сэнко» Ақ Алматы қаласы, Қазақстан. «Жапон және қазақ тіліндегі еліктеу сөздердің зерттелу мәселесі.

5. Оно Масаки, Ямаока Масаки, Макихара Цутому. Коммуникация және этикет формулалары. -Токио: -Мейдзи, 2010. -248 б.

6. Оно Масаки, Ямаока Масаки, Макихара Цутому. Коммуникация және этикет формулалары. -Токио: -Мейдзи, 2010. -248 б. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.

7. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.